

Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 158 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 25 сәуірде № 16810 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2024 жылғы 24 қазандағы № 495-НҚ бұйрығымен.

Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 24.10.2024 № 495-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.11.2018 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заны 4-3-бабының 13-3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :

1. Қоса беріліп отырган Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының қағаз және электрондық архивтерін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 36 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13126 болып тіркелген, 2016 жылғы 24 ақпанда "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Ақпарат және коммуникациялар саласындағы кейбір нормативтік құқықтық бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №309 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15831 болып тіркелген, 2017 жылғы 12 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) Ақпарат және коммуникациялар саласындағы өзгерістер енгізілетін кейбір нормативтік құқықтық бұйрықтардың тізбесінің 5-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті заңнамада белгіленген тәртіpte:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;
- 3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет - ресурсында орналастырылуын;
- 4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Заң департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар министри

Д. Абаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрінің
міндептін атқарушы
2018 жылғы 18 сәуір

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің
2018 жылғы 18 сәуірдегі
№158 бұйрығымен
бекітілген

**Мерзімді баспасөз басылымдарының міндепті тегін даналарының
электрондық архивін қалыптастыру қағидалары**

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Мерзімді баспасөз басылымдарының міндепті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-3-бабының 13-3) тармақшасына

сәйкес әзірленді және мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) мерзімді баспасөз басылымы – тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және кемінде үш айда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетең, олардың қосымшасы.

3) мерзімді баспасөз басылымдарының меншік иесі (бұдан әрі – меншік иесі) – мерзімді баспасөз басылымдарын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, не жеке және (немесе) заңды тұлғалардың бірлестігі.

2-тарау. Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру тәртібі

3. Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру үшін меншік иелері бас редактордың (редактордың) электрондық цифрлық қолтаңбасымен күәландағылған мерзімді баспасөз басылымдарының, оның ішінде Заңның 12-бабына орай есепке қоюдан босатылғандарының міндетті тегін даналарының (бұдан әрі – мерзімді баспасөз басылымдарының даналары) электрондық - цифрлық нысандары негізінде олар әзірленген күні жолдайды.

4. Мерзімді баспасөз басылымының данасын жолдау үшін меншік иесі "Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архиві" ақпараттық жүйесінде уәкілетті органның интернет - ресурсы арқылы ("Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архиві" бөлімі) тіркеуден өтеді.

5. Тіркеу кезінде меншік иесі келесі мәліметтерді көрсетеді:

1) мерзімді баспасөз басылымының атауы;

2) мерзімді баспасөз басылымының меншік иесінің атауы (тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері);

3) мерзімді баспасөз басылымын есепке қою туралы күәліктің нөмірі;

4) мерзімді баспасөз басылымдарының меншік иесінің байланыс деректері.

6. Мерзімді баспасөз басылымының данасы бас редактормен келесі тәртіpte жолданады:

1) мәліметтер толтырылады:

бас редактордың (редактордың) тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері;

мерзімді баспасөз басылымдарының атауы, күні және нөмірі;

- 2) мерзімді баспасөз басылымының толық көлемде графикалық форматтағы (PDF/A) нұсқасы тіркеледі;
- 3) мерзімді баспасөз басылымының тіркелген данасы бас редактордың (редактордың) электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

7. Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архиві уәкілетті органның интернет - ресурсында мерзімді баспасөз басылымдарының жолданған даналары негізінде автоматты түрде қалыптасады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК